

**6D011400 - «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Вахдет Таракчының «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу мен оқыту мәселелері» тақырыбындағы диссертациясына шетелдік ғылыми кеңесшінің**

## **ПІКІРІ**

Қазіргі тарих ғылымында тұлғатануға қатысты зерттеулерге ерекше көңіл бөлініп отырғаны белгілі. Қазақстанның тарих ғылымында осы бағытта жүргізілген зерттеулер қоғамдық-саяси оқиғалар мен құбылыстардың тарихи мәнін ашуға бағытталып келеді. Осы ғылыми бағытта орындалған Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық түрік-қазақ университетінің докторанты Вахдет Таракчының Мұстафа Шоқайға арналған диссертациялық жұмысының өзектілігі оның Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге Түркия Республикасында да ғылыми және педагогикалық таным тұрғысында үлкен сұранысқа ие болып отырғандығымен айқындалады.

Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметінің тарихы Түркиямен тығыз байланысты өрбігенімен оған қатысты зерттеулер көбіне ғылыми сипатта болып келеді де, оның педагогикалық қырлары ашылмайды. Докторанттың осы жұмысы Түркиядағы шоқайтану ғылыми бағытында орын алып отырған осы олқылықтың орнын толтырады деп санаймын.

Диссертациялық жұмыстың дәйектілігі қазіргі тарих ғылымындағы шоқайтану ғылыми бағытының тарихнамасы мен дереккөздеріне сүйеніп негізделген. Сонымен бірге зерттеуде осы тақырыпқа қатысты ғылыми-теориялық, әдіснамалық және педагогикалық іргелі зерттеулерде қалыптасқан тұжырымдар басшылыққа алынған.

Зерттеу барысында қол жеткен мына нәтижелер, атап айтқанда:


- мұстафатану ғылыми бағытының теориясы мен әдіснамасының жүйеленгендігі;

- Мұстафа Шоқай шығармашылығын түркі халықтарының бірлігі мен тәуелсіздігі жолындағы күрес тарихының дереккөзі ретінде қарастырғандығы;

- қайраткердің мұғажырлық жағдайдағы қызметінің тарихы мен саяси ұстанымдарын жүйелеп, жіктегенді жұмыстың басты жаңалықтары деп бағалауға болады.

Диссертацияда жүйеленіп, жіктелген М.Шоқайдың мұғажырлық жағдайдағы қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығының тарихы бұрын арнайы желі ретінде Қазақстанда зерттелмегендіктен де тарих ғылымын мазмұндық жағынан байытады, монографиялар мен оқу құралдарын дайындауда қолдануға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысы отандық және шетелдік тарих ғылымының әдіснамалық бағыттағы қазіргі заманғы іргелі зерттеулерінің тұжырымдарын басшылыққа алған. Сонымен бірге тақырыптың игерілуіндегі жетістіктердің негіздемелік





дәрежесі іргелі философиялық, педагогикалық зерттеулерде қалыптасқан тұжырымдарға сүйенген.

Диссертациялық жұмыстың бөлімдері өзара байланысты және бірін-бірі қайталамайды, мазмұндық бірізділік сақталған. Қол жеткен нәтижелер мен жасалған ғылыми тұжырымдар зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сай келеді.

Диссертацияда қол жеткен негізгі нәтижелер, жасалған ғылыми тұжырымдары мен қорытындысы ғылыми мақала, баяндама түрінде халықаралық және республикалық басылымдарда жарияланған.

Қорытынды ретінде, ғылыми зерттеудің орындалу деңгейі, теориялық және практикалық маңыздылығын негізге ала отырып, Вахдет Таракчының 6D011400 - Тарих мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға дайындаған «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу мен оқыту мәселелері» атты диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынамын.

**Шетелдік кеңесші:**

PhD доктор, профессор



Дервиш Кылынычкая